

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№28

2021 жылғы 24 ақпан

Облыстық мәслихат аппаратының құрылымы және штаттық кестесі, мәслихат қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстар, қызметтік автомашиналарының лимиті туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 8-бабының 3-тармағының 3) және 4) тармақшаларына және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы №1002 «Мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлер санының бірыңғай салааралық нормативтерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес, жеке еңбек келісім-шарттары бойынша облыстық мәслихат аппаратының жұмыс істеуін қамтамасыз етуші және техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырушы қызметкерлер лауазымдарының тізбесі, құрылымы, штаттық кестесі бекітілсін.

2. Облыстық мәслихаттың қызметі мен құзыретіне жататын мәселелер туралы ақпаратты уақтылы және сапалы тарату және депутаттарға депутаттық қызметті жүзеге асыру кезінде білікті заң көмегін көрсету мақсатында баспасөз қызметі мен заңгер қызметтерін сатып алуға мәслихаттың қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстар айқындалсын.

3. Қызметтік жеңіл автокөліктерге лимит саны екі бірлік болып белгіленсін.

4. Облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №594 «Облыстық мәслихат аппаратының құрылымы және штат кестесі, қызметтік автомашиналарының лимиті туралы» шешімінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

С. ШЫНТАСОВА

А. НУГМАНОВ

**Ақтөбе облыстық мәслихаты аппаратының
Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ы**

Босатылған негізде жұмыс істейтін депутат

№	Лауазымдар атауы	Саны
1.	Облыстық мәслихаттың хатшысы	1
	Барлығы:	1

Әкімшілік мемлекеттік қызметшілер

№	Лауазымдар атауы	Саны
1.	Облыстық мәслихат аппаратының басшысы	1
2.	Облыстық мәслихат аппараты басшысының орынбасары	1
3.	Облыстық мәслихат аппаратының бас инспекторы	4
4.	Облыстық мәслихат аппаратының бас маманы	1
	Барлығы:	7

Облыстық мәслихаттың 2021 жылғы
24 ақпандағы №28 шешіміне
2-қосымша

**Ақтөбе облыстық мәслихаты аппаратының
Ш Т А Т Т Ы Қ К Е С Т Е С І**

№	Лауазымдар атауы	Саны
1.	Облыстық мәслихаттың хатшысы	1
2.	Облыстық мәслихат аппаратының басшысы	1
3.	Облыстық мәслихат аппараты басшысының орынбасары	1
4.	Облыстық мәслихат аппаратының бас инспекторы	4
4.	Облыстық мәслихат аппаратының бас маманы	1
	Барлығы:	8

Облыстық мәслихаттың 2021 жылғы
24 ақпандағы №28 шешіміне
3-қосымша

**Ақтөбе облыстық мәслихаты аппаратының жұмыс істеуін
қамтамасыз етуші және қызмет көрсетуді жүзеге асырушы
қызметкерлер лауазымдарының
Т І З Б Е С І**

№	Лауазымдар атауы	Саны
1.	Іс жүргізу бойынша инспектор	1
2.	Басшының хатшысы	1
3.	Қоғамдық қабылдау бөлмесінің меңгерушісі	1
4.	Архивариус	1
5.	Аппарат басшысының әкімшілік-өкімдік қызметін ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз ету қызметкері	1
	Барлығы:	5